Жаратылыстағы адамзаттың өзге тіршілік иесінен ерекшелігі – оның тілі, діні, жоғары санасы болмақ. Оның діні сенімі – адамзатты парасаттылыққа, рухани кемелділікке жетелейді. Дінсіз адамзаттың жоғары қоғамын, саналы тіршілігін елестету де мүмкін емес. Себебі, адамда адамгершілік, адами рухани қасиеттер болмаса, оның ғылымда жасаған керемет жаңалықтары мен жетістіктері немесе материалдық құндылықтары түкке тұрмайды, тіпті адамзатқа қауіпті де болмақ. Ғалам кеңістігінде күнделікті орын алатын түрлі жаманды-жақсылы өзгерістердің, қуанышты-қайғылы сәттердің, оң мен солдың, арам мен адалдың, ақ пен қараның тігісін жатқызып, тәртіпке келтіріп отыратын күш – дін болмақ. Халқымыздағы ғасырдан ғасырға жетіп, ғаламның діни бейнесінің лексикасы болып қалыптасқан тілдік бірліктері қазақи исламдық ділдің көрсеткіші бола алады. Осы тұрғыдан, ғаламның діни бейнесіндегі қарапайым тілдік бірліктердің семантикасын зерттеп, зерделеу болашақ үшін маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.
Gabitkhanuly Q. Қazaқ mifologiyasynyn tildegi korinisi. Almaty: Arys, 2006. – 168 b.
2 Дінтану сөздігі. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – I том. –2011 – 380 б.
Dintanu sozdigi. Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – I tom. –2011 – 380 b.
3 Әбдірәсілқызы А. Қазақ газеті. №1. Ақпан 18. – 2011. – 18 б.
Abdirasilqyzy A. Qazaq gazeti. №1. Aqpan 18. – 2011. – 18 b.
4 Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, Сүннет – салтымыз. Алматы: Полиграф, 2011. – 280 б.
Adilbaeva Sh. Hadis – gurpymyz, Sүnnet – saltymyz. Almaty: Poligraf, 2011. – 280 b.
5 Ай, заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды), құр: М.Мағауин; М.Байділдаев, Алматы, 1991. – I том. – 202 б.
Ai, zaman-ai, zaman-ai (Bes gasyr zhyrlaidy), qur: M.Magauin; M.Bajdildaev, Almaty, 1991. – I tom. – 202 b.
6 Тирмизи Әбу Мұса Мұхаммед б.Сәурә, әл-Жәмиус-Сахих, I том, Каир. – 1935-1975.
Tirmizi Abu Musa Muhammed b.Saura, al-Zhamius-Sahih, I tom, Kair. – 1935-1975.
7 Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым, 1997.
Sagyndyquly B. Galamnyn gazhajyp syrlary. Almaty: Gylym, 1997.
8 Қайдаров Ә. Этнолингвистика// «Білім және еңбек», 1985. – 10 том.

Qajdarov A. Etnolingvistika// «Bilim zhane enbek», 1985. – 10 tom.
9 Гримм Я. Лексикологияға кіріспе. ҚХР: 1982.
Grimm Ya. Leksikologiyaga kirispe. QHR: 1982.
10 Sapir E. Language. Пекин: 1985. – 196 б.
Sapir E. Language. Pekin: 1985. – 196 b.

Материал 30.10.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Gabitkhanuly K. Linguistic expression of Kazakh mythology. – Almaty: Arys, 2006. – 168 p.
2 Dictionary of religion. Almaty: Kazakh University, 2016. – Volume I. – 2011 – 380 p.
3 Abdrasilovna A. Kazakh newspaper. – №1. February 18. – 2011. – 18 p.
4 Adilbaeva Sh. Hadith and Sunnah are our traditions. – Almaty: Polygraph, 2011. – 280 p.
5 Ai, zaman-ai, zaman-ai (Five centuries sing), edit: M. Magauin; M. Baidildayev. – Almaty, 1991. – Volume I. – 202 p.
6 Tirmidhi Abu Musa Muhammad b.Saura, al-Jamius-Sahih, Volume I, Cairo. – 1935-1975.
7 Sagyndykuly B. Wonderful secrets of the universe. – Almaty: Science, 1997.
8 Kaidarov A. Ethnolinguistics. Education and labor, 1985. – 10 volumes.
9 Grimm I. Introduction to lexicology. – China: 1982.
10 Sapir E. Language. – Beijing, 1985. – 196 p.

Языковая характеристика религиозных концепций

З.Б. Кульманова[1] С.А. Жиренов[1], Г.С. Сулеева[2]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050010, Республика Казахстан
[2]Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

Религии повествуют о своих таинственных предметах, как правило, на разговорном языке, и их утверждения в некоторой степени доступны массовому пониманию. Обыденный и религиозный смыслы какого-нибудь термина имеют много общего, но вместе с тем контексты этого термина могут глубоко различаться. Ведь в первом случае речь идет о прозаических вещах, а во втором – о сокрально-мистическом отношении к абсолютному. Понимание специфики языка религии и религиозного использования естественных языков включает проблему единства и различия символов и знаков, смысла и значения. Это многоплановая проблема, которая может анализироваться средствами лингвистики, семиотики, психологии. В философии религии признано, что язык религии – прежде всего язык символов.

Материал поступил в редакцию журнала 30.10.2020

Language characteristics of religious concepts

Z.B.Kulmanova[1], S.A.Zhirenov[1], G.S. Suleeva[3]
[1]Kazakh national pedagogical university named after Abay, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan
[2]Kazakh national concervatory named after Kurmangazy, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

Religions tell about their mysterious objects, as a rule, in colloquial language, and their statements are to some extent accessible to mass understanding. The everyday and religious meanings of a term have much in common, but at the same time, the contexts of this term can vary deeply: after all, in the first case we are talking about prosaic things, and in the second about a

sacred-mystical attitude to the absolute. Understanding the specifics of the language of religion and the religious use of natural languages necessarily includes the problem of the unity and difference of symbols and signs, meaning and meaning. This is a multifaceted problem that can be analyzed by means of linguistics, semiotics, psychology. In the philosophy of religion, it is recognized that the language of religion is primarily the language of symbols.

Received: 30.10.2020

УДК 81’33

Э. Ш. Никифорова[1], А.Б. Молдагалиева[2]
[1]к.ф.н., Ph.D., доцент, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай, 110000, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-1175-4812. E-mail: n.e.sh_1975@mail.ru
[2]магистрант, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, г. Костанай, 110000, Республика Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-0006-1359. E-mail: asel_moldagalieva@mail.ru

ИРОНИЯ КАК ЭЛЕМЕНТ КОНВЕРСАЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ В МЕДИЙНОМ ДИСКУРСЕ: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ И ПЕРЕВОДЧЕСКИЙ АСПЕКТЫ[1]

В статье рассматриваются ирония, ее функции и способы выражения в текстах англоязычного медийного дискурса. Поскольку ирония в медийном дискурсе выполняет такие немаловажные функции, как структурирование диалога, привлечение внимания аудитории, внедрение имплицитного компонента оценивания, то, естественно, она вызывает интерес как с точки зрения стилистики, так и прагмалингвистики. В своем исследовании авторы статьи уделили особое внимание функции оптимизации межличностного общения, считая, что ирония широко используется как средство обеспечения бесконфликтного общения, сближения коммуникантов, создания благоприятной для коммуникации атмосферы. В этой связи целью данной статьи является комплексный анализ особенностей функционирования иронии как неотъемлемой части конверсационной стратегии в англоязычных шоу-программах. Для лучшего восприятия и анализа коммуникативных ситуаций в целом в статье приведены примеры использования иронии в контексте диалоговых единств. Авторы также обращают внимание и на тот факт, что ирония является отражением менталитета и культурных ценностей определенного этноса. Установлено и то, что ирония является одним из специфических приемов выражения прагматического потенциала в функционально-семантическом поле оценки, которое реализует ценностное отношение адресанта и провоцирует оценочное восприятие адресата на основе эстетического подхода к выбору языковых средств с целью усиления эффекта эмоционального воздействия.

Ключевые слова: стратегия, коммуникативное воздействие, ирония, дискурс, коммуникатор, репрезентация, интервью.

[1] Исследование финансируется Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP08956327) «Изучение стратегий коммуникативного воздействия в текстах институциональных дискурсов (на материале английского, казахского и русского языков)»

ВВЕДЕНИЕ

Ирония – это сложное и многогранное понятие. Являясь неотъемлемым элементом конверсационной стратегии коммуникативного воздействия, она украшает речь, делает ее более эмоциональной, поэтому многие авторы часто прибегают к ее использованию, причем не только в литературных произведениях, но также в СМИ, чтобы усилить идею, высказывание или сделать акцент на чем-то. Распознать иронию непросто, так как для этого необходимо знать не только язык, но и культуру и традиции людей, говорящих на этом языке. Еще сложнее передать иронию на другой язык, чтобы читатель смог уловить смысл высказывания и понять смысл идеи автора. С помощью иронии автор выражает свое отношение к проблеме или ситуации, показывает свою позицию, поэтому правильная передача иронии является важнейшей задачей для переводчика [1, 4]. Однако, на сегодняшний день опубликовано относительно немного работ, в которых бы рассматривалось использование иронии в институциональных дискурсах вообще, и в медийном дискурсе в частности. Слабая изученность проблем, касающихся использования иронии в текстах современного медийного дискурса, отсутствие детального описания функций иронии в этих текстах и недостаточная проработка переводческого аспекта и специфических вопросов, касающихся перевода иронии с английского на русский язык в рамках медийных текстов, позволяют нам считать тему нашего исследования актуальной и требующей детального и последовательного изучения на обширном материале.

Прежде чем приступить к рассмотрению специфических вопросов использования иронии в англоязычном медийном дискурсе и вопросов, касающихся тонкостей адекватной передачи иронии при переводе этих текстов с английского на русский язык, остановимся на некоторых ключевых моментах относительно рассматриваемого явления.

Прежде всего, отметим, что ирония как стилистически прием изучалась в течение многих лет в рамках стилистики, лексикологии, риторики и других лингвистических дисциплин.

В современной литературе представлено несколько точек зрения о природе иронии и ее определении. Ван Бус выстраивает теорию о механизме иронической коммуникации. В процессе чтения какого-либо авторского литературного текста, натыкаясь на иронию, читатель внезапно осознает, что воспринимаемое значение оказывается мнимым. Вследствие этого читатель отбрасывает буквальное значение, а затем проверяет альтернативные значения и, наконец, выбирает потенциально приемлемый фигуральный смысл. Однако в силу субъективно-личностной интерпретации истина и найденный смысл оказываются не тождественны, попросту говоря, истина является недостижимой для читателя, в тексте присутствует лишь некая ее часть. Выявление скрытого смысла предполагает вовлеченность читателя, интеллектуальное взаимопонимание, позволяющее реконструировать ситуацию, созданную автором [2, 12].

Д. Мюкке считает, что ирония – это способ говорения, письма, действия, поведения, изображения и т.д., в результате которого подлинное или подразумеваемое значение намеренно представляется и актуализируется через несовместимое с ним, показное и притворное значение [3, 9]. Соответственно, целью использования иронии является непрямое воздействие на читателя: вызвать смех, улыбку, и одновременно донести критику, порицание под маской принятия и одобрения или смешное под массой серьезности. Этим и обусловлена возрастающая необходимость изучения способов адекватной передачи иронии при переводе [4, 17]. Выражение иронии, насмешки осуществляется различными способами, которые могут различаться по форме, содержанию и функциям в разных языках и речевых традициях.

Что же касается способов перевода иронии как стилистического приема, ряд переводоведов выделяет некоторые общие принципы. Так, Т.А. Казакова, например, рекомендует применять ряд переводческих стратегий при передаче иронии:

1) использовать полный перевод с незначительными лексическими или грамматическими преобразованиями тогда, когда это позволяют как словесный, так и грамматический состав иронического высказывания в оригинальном тексте, если совпадают социально-культурные ассоциации;

2) прибегать к расширению исходного иронического оборота, когда смысл иронического высказывания неочевиден для представителей иноязычной культурной среды;

3) применять антонимический перевод тогда, когда прямой перевод утяжеляет переводную структуру из-за различия грамматических или лексических норм и поэтому едва ли передает смысл иронического высказывания;

4) добавлять смысловые компоненты тогда, когда особенно важно сохранить исходные лексико-грамматические формы в условиях информационной недостаточности аналогичных форм в языке перевода;

5) вводить культурно-ситуативную замену в тех случаях, когда прямое воспроизведение способа выражения иронии невозможно, так как он не будет воспринят переводящей культурой, а сама ирония должна быть передана, поскольку она является частью авторского способа выражения [5, 15].

Однако, несмотря на то, что иронию рассматривали в качестве одного из основных приемов при построении связных функционально направленных текстов, наблюдается недостаток работ, посвященные рассмотрению особенностей использования иронии в медийных текстах, и тем более изучению переводческого аспекта иронии именно в подобных текстах. Наше исследование призвано внести вклад в решение данного вопроса.

В ходе исследования мы сконцентрировали внимание на рассмотрении функций иронии, способов ее выражения, языкового оформления и перевода.

В качестве примеров иронии в медийном дискурсе проанализирована текстовка трех наиболее популярных американских телешоу, таких как "Ellen show", "The tonight show starring Jimmy Fallon". "Jimmy kimmel live". Выбор пал именно на эти шоу, так как, они представляют собой по большей части живой диалог; эти шоу актуальны и современны по тематике; имеют аудиторию свыше трех миллионов зрителей, что говорит об их высокой популярности. Также, немаловажный и тот факт, что личная жизнь знаменитостей всегда представляла большой интерес для армии фанатов.

Исходя из цели, задач исследования и особенностей рассматриваемого языкового материала нами были применены следующие методы исследования: анализ и интерпретация научной литературы, метод сплошной выборки, дискурс-анализ, стилистический анализ, лингво-культорологический анализ и методы статистической обработки.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Прежде всего, необходимо отметить, что медийный дискурс представляет большой интерес для исследователей лингвистов, поскольку это один из наиболее динамичных, быстро развивающихся дискурсов, язык масс медиа постоянно претерпевает изменения, в нем находят отражение все современные тенденции развития языка и речи. Кроме того, средства массовой информации на сегодняшний день вторгаются в нашу повседневную жизнь, влияют на наше миропонимание, формируют специфическую картину мира, манипулируют нашим сознанием, формируют модели поведения и охватывают все слои и группы населения.

В последние десятилетия XX века в научно-лингвистической литературе появилось понятие дискурса. В.В. Красных под дискурсом понимает вербализованную речемыслительную деятельность, в основе которой лежат как лингвистические, так и экстралингвистические факторы. Дискурс – это «совокупность текстов, порожденных в процессе коммуникации» [6, 113].

Существуют различные типы дискурса. С одной стороны, исследователи разграничивают национальные дискурсы (например, русский, английский, испанский и т.д.), с другой – в рамках одного национального дискурса они выделяют, например, дискурс поэтический, эстетический, научный, критический, педагогический, юридический, политический и другие [7, 55].

Наиболее динамично развивающимся видом дискурса по праву считается медиадискурс, поскольку он представляет собой совокупность различных средств коммуникации и способов передачи информации, образующих медиасреду, которая, вследствие отсутствия информационных границ, обладает способностью меняться, развиваясь вместе с общественными явлениями и подстраиваясь под них.

С точки зрения лингвистики изучение текстов медийного дискурса является актуальной проблемой, поскольку именно этот вид дискурса фиксирует текущие языковые нормы, вводит в корпус языка неологическую лексику, позволяет отследить современное состояние лексико-грамматического состава того или иного языка, помогает выявить тенденции перевода в рамках отдельных тематических направлениях.

Поскольку к текстам медийного дискурса мы относим все текстовые произведения, проходящие по каналам массовой коммуникации, становится понятно, что существует огромное количество разновидностей подобных текстов, обладающих своими специфическими чертами, помимо черт, присущих текстам медийного дискурса в целом, поэтому в рамках одной работы не представляется возможным изучить их все.

В этой работе мы остановимся на рассмотрении иронии в текстах телевизионных ток-шоу, о которых упоминалось выше.

Итак, перейдем к рассмотрению конкретных примеров.

Из текстов интервью, в рамках рассматриваемых ток шоу, были выбраны иронические высказывания, в которых мы выявили этнокультурные особенности иронии в англоязычном дискурсе.

Было отмечено, что частота употребления иронических высказываний не зависела от темы передачи, иронические и самоиронические высказывания использовались свободно в разнообразных ситуациях.

В процессе исследования были выделены следующие функции иронии: насмешка, критика, защита и т.д.

Остановимся подробнее на анализе ряда конкретных примеров.

Обратимся к примеру, взятому из "Эллен шоу", где Эллен Дедженерес берёт интервью у Дженнифер Лопес, которая сообщает ей, что у неё бронхит:

Getting a deep breath before the beginning of the concert is the most important thing, especially when you have bronchitis, like me right now.

На что Элен иронично среагировала: *I am so glad I hugged you* (Я так рада, что я обняла тебя). Для усиления выразительности иронического употребления, Эллен даже добавляет слово "так", тем самым подчеркивая впечатление. В данном случае ярко виден комический эффект, что является одной из основных особенностей стиля телеведущей этой программы, которой в итоге удалось рассмешить весь зал.

Рассмотрим еще один пример из этого шоу - интервью с певицей и актрисой Селеной Гомес. Элен показывает фотографию певицы в купальнике с отдыха, сделанную журналистами, где она прилично поправилась, после которой акулы пера назвали её толстой: *they said you were overweight,* на что Селена Гомес ответила, что она была на отдыхе, да и купальник был слегка маловат пытаясь как бы оправдать себя: *Actually technically that bathing suit was too small for me.* Реакция Элен рассмешила аудиторию и саму Селену до слез. Она сказала, что считает, что журналисты не были заинтересованы её купальником, а скорее её изменившейся, округлившейся фигурой: *I don't think they were saying the bathing suit was small, they say you are fat.* Несмотря на тот факт, что это была ирония - насмешка, она не

обидела главную героиню, а скорее создала весёлую приятную атмосферу, что является одним из ключевых моментов успеха этой программы.

В том же самом шоу, несколько минут спустя Эллен начинает спрашивать Селену о её молодом человеке. *Ellen: Let's talk about your boyfriend (давай поговорим о твоём парне) Selena: I have a boyfriend? (У меня есть парень?) Ellen: I don't know, do you? (Я не знаю, а ты знаешь?) Selena: Where?" (Где?).* В данном случае мы видим, как иронизирует сама гостья программы, отвечая вопросом на вопрос, словно она не знает, есть ли у неё парень или нет, в дальнейшем продолжает в том же духе, спрашивая, где он. Диалог в такой шутливой форме расслабляет, создаёт непринуждённую атмосферу. И, кстати, даёт возможность героине уйти от ответа о своём молодом человеке, давая своей иронией всем понять, что телеведущая лучше ее самой знает о её личной жизни.

Рассмотрим следующий пример, уже из другого шоу: "The tonight show starring Jimmy Fallon". В качестве гостей были приглашены знаменитые актёры Мэттью МакКонахи и Хью Грант. Хью рассказывал о том, что в последнее время он был занят политикой и пытался отговорить людей голосовать за Бориса Джонсона, нового премьер-министра, но у него ничего не вышло. На что ведущий смог быстро и остроумно ответить, что люди повели себя как в фильме "Реальная любовь". Здесь нужно пояснить, что в фильме "Реальная любовь" Хью Грант как раз играет премьер-министра, у которого были определенные проблемы, именно поэтому телеведущий вспомнил этот фильм, точнее сказал название фильма в ответ на его рассказ о недавнем неудачном опыте политической деятельности в жизни: *-Every single one of my candidates lost. 100 per cent record of failure*.

-Don’t people like 'love actually’

Следующий пример взят из знаменитого шоу "Jimmy Kimmel live". В гостях у Джимми Сальма Хайек. Диалог начинается с того, что Джимми говорит гостье: *You have many many many homes all around the globe, right?* (У Вас ведь много, много, много домов по всему миру?), тем самым он говорит зрителям о её хорошем финансовом положении, а также о своём непонимании того, зачем человеку нужно столько домов, причём в нескольких разных городах. На что Сальма непринуждённо отвечает: *I have a couple of houses* (у меня лишь пара домов), как бы говоря нам "до чего там, всего-то пара домиков". Дальше, в ходе интервью Джеймс задаёт ей следующий вопрос: (Ваша мама везде следует за вами?), причём такой интонацией, словно она без мамы вообще никуда не выходит, а мы знаем, что интонация в использовании иронии - это ключевой момент. На этот вопрос Сальма спокойно отвечает: *- no, not everywhere* (Нет, не везде), при этом её интонация настолько спокойна, словно она спрашивает его "О чём это вы вообще?". Дальше она пытается оправдать себя и говорит: *I am Mexican. We travel in groups. I take my mum, sometimes my aunt, my my my father, of course, my brother* (Я же мексиканка. Мы путешествуем группами. Иногда я беру маму, иногда тётю, ммм...отца и, конечно, брата). Мы понимаем, что она иронизирует, хотя по тому, как долго она вспоминает кого ещё с собой берёт, становится очевидным, что берёт она с тобой только маму.

В нашем исследовании англоязычного медийного дискурса мы сосредоточили внимание на функции *оптимизации межличностного общения*, считая, что ирония широко используется как средство обеспечения бесконфликтного общения, сближения коммуникантов, создания благоприятной для коммуникации атмосферы.

ВЫВОДЫ

Таким образом, можно сделать следующие выводы:

1) национальное чувство юмора формируется под влиянием коммуникативных культурных ценностей и является отражением культуры;

2) востребованность иронии, ее частое использование сказываются на стиле коммуникации телеведущих англоязычных ток-шоу и их партнеров по коммуникации и формируют такую его черту, как ироничность;

3) анализ текстов интервью со звездами, показал, что собеседники регулярно прибегают к иронии с целью разрядить обстановку, уйти от неприятной темы, защитить себя от возможной критики, перейти на неформальный регистр общения и т.д.;

4) в результате стиль их общения отличается ироничностью, неформальностью, стилистической сниженностью;

5) невмешательство в чужие дела, необходимость сохранять дистанцию столь важны для англичан, что уважение к этой ценности демонстрируется в самых разных ситуациях, в частности в стремлении избежать личных вопросов. Явно некорректные прямые вопросы воспринимаются иронично. Интервью – вид игры, актерства, и публика это хорошо понимает.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Авдеева А.А. Способы передачи иронии в английских переводах – Санкт-Петербург, 2016. – 167 с.

Avdeyeva A.A. Sposoby peredachi ironii v angliyskikh perevodakh – Sankt-Peterburg, 2016. – 167 s.

2 Пигулевский В. Ирония и вымысел: от романтизма к постмодернизму – Научное издание / Ростов-на-Дону / Изд-во «Фолиант», 2002. – 418 с.

Pigulevskiy V. Ironiya i vymysel: ot romantizma k postmodernizmu – Nauchnoye izdaniye / Rostov-na-Donu / Izd-vo "Foliant", 2002. – 418 s.

3 Лейчик В.М. Обоснование структуры термина как языкового знака понятия Терминоведение, – Горький, 1994. – №2. – 182 с.

Leychik V.M. Obosnovaniye struktury termina kak yazykovogo znaka ponyatiya Terminovedeniye, – Gor'kiy, 1994. – №2. – 182 s.

4 Лейчик В. М. Некоторые вопросы упорядочения, стандартизации и использования научно-технической терминологии, Термин и слово. – Горький, 1981. – 197 с.

Leychik V. M. Nekotoryye voprosy uporyadocheniya, standartizatsii i ispol'zovaniya nauchno-tekhnicheskoy terminologii, Termin i slovo. – Gor'kiy, 1981. – 197 s.

5 Бекишева Е.В., Угнич К.А. Историко-эволюционные аспекты медицинской лексики. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://tpl-islu.ru/publ/ terminovedenie/obshhie_svedenija/istoriko_ehvoljucio nnye_aspekty_medicinskoj_leksiki/36-1-0-143

Bekisheva Ye.V., Ugnich K.A. Istoriko-evolyutsionnyye aspekty meditsinskoy leksiki. – [Elektronnyy resurs] – Rezhim dostupa: http://tpl-islu.ru/publ/ terminovedenie/obshhie_svedenija/istoriko_ehvoljucio

6 Красных В. В. Свой среди чужих: миф или реальность? – М, ИТДГК Гнозис , – 2003. – 375 с.

Krasnykh V. V. Svoy sredi chuzhikh: mif ili real'nost'? – M, ITDGK Gnozis, – 2003. – 375 s.

7 Bittner, Johannes: Sprache, Digitalität, Kommunikation. Erich Schmidt Verlag. Berlin, 2003. – S. 24.

Материал поступил в редакцию журнала 05.11.2020

REFERENCES

1 Avdeeva A.A. Methods of conveying irony in English translations – St. Petersburg, 2016. – 167 p.

2 Pigulevsky V. Irony and fiction: from romanticism to postmodernism – Scientific publication / Rostov-on-Don / "Foliant" publishing house, 2002. – 418 p.

3 Leichik V.M. Substantiation of the structure of the term as a linguistic sign of the concept of Terminology, – Gorky, 1994. – №2. – 182 p.
4 Leichik VM Some questions of ordering, standardization and use of scientific and technical terminology, Term and Word. – Gorky, 1981. – 197 p.
5 Bekisheva E.V., Ugnich K.A. Historical and evolutionary aspects of medical vocabulary. - [Electronic resource] – Access mode: http://tpl-islu.ru/publ/ terminovedenie / obshhie_svedenija / istoriko_ehvoljucio nnye_aspekty_medicinskoj_leksiki / 36-1-0-143
6 Krasnykh V.V.Among strangers: myth or reality? - M, ITDGK Gnosis, - 2003.- 375 p.
7 Bittner, Johannes: Language, Digitality, Communication. Erich Schmidt Verlag. – Berlin, 2003. – P. 24.

Медиа дискурсындағы ирония лингвистикалық және аударма аспектілері.

Э. Ш. Никифорова[1], А.Б. Молдагалиева[1]
[1]А. Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы

Мақалада ирониянының анықтамасы, оның маңыздылығы, сонымен қатар мәтіндегі медиа дискурстың әр түрлі тәсілдері қарастырылған.Мақаланың мақсаты – атақты адамдармен сұхбат барысында ағылшын тіліндегі шоу бағдарламаларында иронияны қолдану мысалдарын талдау. Мақалада иронияны қолданудың ерекшеліктерін, сонымен қатар коммуникативті және мәдени құндылықтардың көрінісін көрсететін диологтардың мысалдары келтірілген. Ирония – бұл адресаттың құндылық қатынасын жүзеге асыратын және адресаттың болжамды қабылдауын, медиа мәтіндердегі қарым-қатынас әсерінің әсерін күшейту мақсатында тілдік құралдарды таңдауда эстетикалық көзқарас негізінде, функционалды семантикалық бағалау саласында прагматикалық әлеуетті білдірудің нақты әдістерінің бірі.

Материал 05.11.2020 баспаға түсті

Irony in media discourse: linguistic and translation aspects.

E.S. Nikiforova,[1] A.B. Moldagalieva[1]
A. Baitursynov Kostanay regional university, Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan

The article deals with the irony notion, its importance and also different ways of its representation in media discourse texts. The purpose of the article is the analysis of the examples of irony usage in English shows, in the interview with celebrities. The article provides the examples of dialogues, showing the features of irony usage along with the reflection of communicative cultural values. It is also established that Irony is one of the specific techniques of pragmatical potential expressions in functional-semantic evaluation field, which implements the value attitude of the addressee and provokes the evaluative perception of the addressee on the basis of a synthetic approach to the choice of language means in order to enhance the effect of the impact of communicants in the media texts.

Received: 05.11.2020

УДК 81'1-027.21

Х. А. Ордабекова
ф.ғ.к., доцент, «Сулейман Демирель атындағы университет» мекемесі, Алматы қ., 050043, Қазақстан Республикасы, https://orcid.org/0000-0002-8232-6236. E-mail: khafiza.ordabekova@sdu.edu.kz

ЛИНГВОКУЛЬТЕРАМАЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖІКТЕЛІМІ

Мақалада лингвомәдени бірліктер және оның типологиялық жіктелімі туралы мәселелер қарастырылады. Лингвомәдени бірліктердің әрбір типіне қатысты қажетті тілдік фактілер (паремиялар, мифологемалар, стереотиптер, прецендентті есімдер) беріліп, қажетіне қарай өзге тілдегі ұғымдармен салғастырмалы тұрғыдан дәйектеледі. Коммуникативтік лингвокультуремалар негізінде әрбір халықтың ұлттық сөйлеу этикеті мен сөйлеу тіліндегі стереотиптерін айқындауға болатындығы нақты тілдік фактілер арқылы қарастырылады. Ритуалды лингвокультуремаларды лингвомәдени аспектіден қарастырып, интерпретациялау жұмыстары біршама жүргізіледі. Қоғамдық сананың өзгеруіне сәйкес лингвомәдени бірліктердің де өзгермелі сипатқа ие болатындығы талданып, жаңа мән-мазмұнға ие болатындығы қарастырылады.

Кілт сөздер: тілдік лакуна, лингвокультурема, этнопсихолингвистика, прецендентті есімдер, мифологема.

КІРІСПЕ

Тіл мен мәдениет өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін бірнеше тілдік фактілерге тоқталып өтсек. Лингвомәдениеттану саласы мен мәдениеттің өзара тығыз байланысын сипаттайтын бірліктердің бірі – лингвокультурема. *Лингвокультурема* – формасы мен мазмұны жағынан ұлттық-мәдени компонентті иеленетін тілдік және коммуникативті бірліктер. Яғни, тілдік біліммен қатар, тілден тысқары тұрған мәдени ақпаратты өз ойына жинақтаған тілдік бірліктер. Мәселен, қазақ мәдениеті үшін *домбыра, қобыз, шаңырақ;* орыс мәдениеті үшін *балалайка, хоровод* ұғымдары линвокультуремалар қатарынан саналады. Сөз (таңба-мағына) тілдік бірлік ретінде лингвокультурема құрылымының (таңба – мағына – ұғым – зат) бір бөлігін құрайды.

Бұл термин *лингвоелтанымдық бағытта* тілді шет тілі ретінде оқыту процесінде қалыптасқан. Лингвокультурема терминін тілдік айналымға түсірген, әрі орыс тіл білімінде линговмәдениеттану саласының негізін салушы В. В. Воробьёв болатын. Лингвокультуремалар екінші бір тілге аударылғанда сипаттамалы түрде түсіндіруді қажет етеді. Лингвокультуремалар формальды түрде бір сөзбен *отау, бауырсақ, шаңырақ, қобыз*; күрделі сөзбен *тарыдай мең, қолаң шаш, бидай өңді, ақ құба*; қанатты сөздер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар арқылы да беріледі.

Тілдік бірліктерге қарағанда лингвокультуремалардың ішкі құрылымдық сипаты күрделі болып келеді. Өйткені өзінің өн бойында тілдік (ұғымдық) мазмұнмен қатар, тілден тыс ақпаратты(ситуация, реалия)жинақтайды. Бұдан, біз, тілдік таңба астарында тілдік және мәдени ақпарат қатар өмір сүреді деген қорытындыға келеміз. Мәдени ақпарат тілдік емес білім жүйесін құрағанымен, кез келген халықтың, этностың ұлттық дүниетанымын, ұлттық мінез-құлқын, ұлттық ойлау жүйесін бағамдауға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Материалдық және рухани мәдениетке тән ұғым-түсініктерді өз бойына жинақтаған лингвокультуремалар тілдік ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа тасымалдайды. Осыған орай, өз

бойында тасымалдайтын ұғымдық-мазмұндық ақпараты бойынша лингвокультуремаларды З. К. Ахметжанова мынадай топтарға жіктейді:

- материалдық лингвокультуремалар;
- аксиологиялық лингвокультуремалар;
- коммуникативті лингвокультуремалар;
- ритуалды лингвокультуремалар [1, 35].



Кесте 1. Лингвокультуремалар жіктелімі.

Енді осы топтардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық. Бірінші топқа халықтың материалдық және фактологиялық мәдениетін қамтитын лингвокультуремалар кіреді. Мұндай ұлттық-мәдени компонентке ие номинативті бірліктерге ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық киімдер, зергерлік бұйым атаулары және т.б. енеді.

Материалдық лингвокультуремаға мысал ретінде *киіз үйді* алсақ болады. А.Сейдімбектің пікірінше, киіз үй жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлемнен тұратын қазақтардың болмыс туралы ұғым-түсінігінен тұрады. Киіз үйдің жоғарғы қабаты – *шаңырақ*, оған әдет-ғұрыптық мағына берілген. Дәл осы *шаңырақ* киіз үйдің ішкі кеңістігін жоғарғы әлеммен байланыстырып тұрады, ал *шаңырақтан* төмен қарай аспалы түрде ілініп тұратын арқандар арқылы киіз үйге *береке кіреді* деген түсінік қалыптасқан. Шаңырақ неғұрлым биігірек орналасқан болса, осы киіз үйдің және ондағы тіршілік ететін жандардың Жоғарғы әлеммен байланысы соғұрлым биік деген түсінік қалыптасқан. Осы түсінікке сәйкес тілімізде «Шаңырағың биік болсын!» деген бата-тілек мәнді тіркес қалыптасқан. Қазақы таным бойынша, береке киіз үйге *шаңырақ* арқылы енетін болғандықтан, ошақты дәл соның астында, яғни киіз үйдің орталық бөлігінде орналастырылады. Дәстүрлі мәдениетте қазақтар Жаратқаннан амандық-саулық пен молшылық туралы тілей отырып, шаңыраққа қарап «Қазан аузы жоғары болсын!», «Қазан оттан түспесін!» деп тілек айтқан. Ерекше мәнге *есік* ие болады, бір жағынан киіз үйдің кеңістігін төменгі әлеммен байланыстырады, екінші жағынан сыртқы әлем мен киіз үйдің ішкі кеңістігі аралығында бөлгіш болып табылады. Есік айналасындағы кеңістік *босаға* деп аталады.Жас жұбайларға айтылатын «Босағаң берік болсын!» деген тілек жас отбасына берік, сыртқы әсерлерге қарсы тұра алатын болсын деген мағынаны білдіреді [2, 102]. Есік пен табалдырық маңындағы кеңістік дәстүрлі мәдениетте бірнеше бағалауыштық мәнге ие. Бұл кеңістік қалыңдықтың «қыз ұзату» тойынан соң туған үйінің табалдырығын аттап кетіп бара жатқан кездегі уайымсыз жастық шағының соңғы үзіндісі ретінде қабылданған, сондықтан осы кеңістіктің *«есіктің алды»* атауы қыз сыңсуларында жиі кездеседі:

«Есіктің алды талды ғой,
Төрімнің алды қалды ғой.
Есіктің алды жар ма екен,
Қыздан да сорлы бар ма екен» [3, 325].

Есік, табалдырық жанындағы орынды балалар не отбасының төмен әлеуметтік статусына ие мүшелері, атап айтқанда, келіндер, үй қызметіндегі көмекшілер алады. Киіз үйдің әрбір бөліктері атқаратын қызметтеріне байланысты символдық мағыналарды иеленеді. Мұндай символдық мағыналар көптеген тыйым сөздер пен ырым-жоралғылардың қалыптасуына негіз болған.

Кез келген халық тіліндегі реалия сөздердің денотативті мағынасы екінші бір тілдегі сөздердің денотативті мағынасымен сәйкес келетін бірліктер кездеседі, ал осы реалия сөздердің коннотаттық мағынасы екі тілде әртүрлі болып келеді. Конотаттық мағына – реалия ұғымының ассоциативті-образдық, эмоционалды-экспрессивтік және бағалауыштық мағынасынан тұрады.

Аксиологиялық лингвокультуремалар. Лингвокультуремалардың екінші тобын шартты түрде аксиологиялық деп белгілейміз, бұл топтағы лингвомәдени бірліктер кез келген халықтың қоршаған орта туралы құндылықтар жүйесін таңбалайтын лингвокультуремалар саналады. Сондықтан бұл топқа *архетиптер, мифологемалар, символдар, стереотиптер, прецендентті есімдер* енеді. Мұндай аксиологиялық лингвокультуремалар халықтың ұлттық дүниетанымын, ұлттық психологиясын, ұлттық ойлау жүйесін танытады. Яғни, ру-тайпа, халық, ұлт өміріндегі маңызды дегенұғым-түсініктерді қамтиды, атап айтқанда, орыс халқы үшін*собор, душа*; *намыс, қанағат* ұғымдары қазақ халқы үшін мәнді деген концептілік ұғымдардың бірін құрайды. Аксиологиялық лингвокультуремалар бірінші топтағы лингвокультуремалаға қарағанда біршама кең, әрі ішкі семантикалық мазмұны терең болып келеді [1, 43]. Мәселен, «өлім» концептісі қазақ, орыс және еуропа халқының мәдениетіне қарағанда жапон мәдениетінде мүлдем басқа мазмұнмен толығады. Бұған дәйек ретінде төмендегі материалға назар аударайық: «Бізде ежелгі, сыпайы дәстүр бар, егер де билік пен қоғамның назарын қандай бір мәселеге аудартқыңыз келсе, онда «сэппуку» жасаңыз. Сеппуку – көне жапондық самурайлардың өзін-өзі өлтіру ритуалы. Бұл ритуал белгілі бір қалыптасқан ережелер бойынша орындалады. Ритуал самурай өзінің иесін қорғай алмай қалғанда, жеңіліс тапқанда немесе үкім бойынша орындалады. Сеппуку жасай отырып, самурай өзінің өлімге деген немқұрайлылығын, батылдығын және өзінің иесіне деген адалдығын көрсетеді [4, 273-274]. *Бұған бір мысал:*

Өлім қаупі төніп тұрған тұзаққа түсіп қалған орыс Фандорин мен жапондық Асагаваның диалогі қызықты:

- Тұншығып өлу маған ұнамайды, – деді Фандорин, – Одан да шекеме оқ жібергені дұрыс.

- Солай ма? – деп ойланып қалды Асагава. – Ал мен одан да тұншығып қалғаным артық. Атысу жапондарша емес. Тым у-шу, өліп бара жатқаныңды сезініп үлгермейсің...

- Сірә, еуропалық және жапондық мәдениеттің арасындағы негізгі өзгешеліктер осында шығар... – деп терең оймен бастады титулды кеңесші [4, 311].

«Өлім» ұғымы қазақ және орыс мәдениетінде жапон мәдениетіндегі сияқты *«адам өмірінің соңы»* деп қабылданбайды, керісінше «*қайта туу сәті»* ретінде қабылданады. Сонымен қатар жапон қоғамы үшін жеке адамның лайықты не лайықсыз өлімі маңызды саналады, өйткені адам өлгеннен кейінгі қайта қандай кейіпте туылатымен байланысты болып келеді. Сондықтан жапондықтар үшін «*лайықты өлім»* тіркесі өте маңызды. Мұндай түсінік қазақ халқында жоқ, дегенмен қазақ тілінде қалыптасқан «ақ өлім» бірлігі бар. Бұл тіркестің білдіретін фразеологиялық мағынасы: *ұзақ өмір сүрген, өзінен талап етілгеннің барлығын жасаған (қызмет етуі, отбасылы болуы, артында ұрпақтың қалуы, туған-туыс,*

бауырларына қамқорлық жасауы, игі істерді жасауы, көпті көрген, қартайған шағында ауырмай-сырқамай, өзінің табиғи өлімі.

Бірінші топтың лингвокультуремалары оңай танылады, мұндай лингвокультуремалар өзге мәдениетпен танысу кезінде кездеседі, ал аксиологиялық лингвокультуремалар – мифологиялық, дүниетанымдық деңгейіне жатқызылатын бірліктер, олар сананың архетиптерін қамтиды. Аксиологиялық лингвокультуремаларды анықтау үшін бірталай жұмыс жасау қажет: әртүрлі сипаттағы дереккөздерді зерттеу (лексемалар, тұрақты сөз тіркестері, паремиялар, фольклорлық мәтіндер, көркем мәтіндер, тәжірибелер жүргізу), концептілердің құрылымын анықтау, олардың ұғымдық, бағалауыштық және образдық-ассоциативтік мағыналарын сипаттау.

Егер бірінші топтың лингвокультуремаларының мән-мағынасының аясы тар және нақты болса, онда аксиологиялық лингвокультуремалардың семантикалық құрылымын ашу үшін терең дискурстық талдауды қажет етеді. Аксиологиялық лингвокультуремалар көптеген дәстүрлердің, салттардың негізінде жатыр, осылайша ұлттық мінез-құлық, ұлтық психология, ұлттық сөйлеу этикеті айқындалады.

Коммуникативтік лингвокультуремалар. Лингвокультуремалардың бұл тобы халықтың тілдік коммуникация кезіндегі мінез-құлқын, өзін-өзі ұстау әдебін, сөйлеу этикетін айқындайтындықтан, мұны шартты түрде коммуникативтік лингвокультуремалар деп атаймыз. Коммуникативтік лингвокультуремалар коммуникативтік актіні талдау жолымен ғана анықталатындықтан, бұл мәселе лингвисттер тарапынан соңғы жылдары ғана ғылыми зерттеулердің нысанына айналды. Коммуникативтік лингвокультуремалар әрбір ұлттың сөйлеу этикетінен, тілдік коммуникациядағы сөйлеу стереотиптерінен, бейвербалды амалдардың қолданысынан, тілдік бірліктерді қолданудың прагматикалық сипатынан көрініс табады.

Коммуникативтік лингвокультуремалар қатарына вокативтерді, яғни тілдік қарым-қатынастың ажырамас элементі саналатын қаратпа сөздерді жатқызамыз. Вокативтердің ұлттық ерекшеліктері қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдері материалдары өзара салғастырмалы аспектіден Г.М. Алимжанованың зерттеу жұмысында лингвомәдениеттанымдық талдаулар жасалады [5]. Қазақ халқының интеллектісі оның сөз байлығында көрініс тапқан. Мысалы, бір ғана «туды» деген сөздің бірнеше синонимдік қатары бар: *дүниеге келді, дүние есігін ашты, жарық дүниеге келді, кіндік қаны жерге тамды, өмірге келді, өмір есігін ашты, жарық дүниеге қадам басты, өмір есігін айқара ашты, туылды* және т.б. Бірақ бұл сөздердің әрқайсының өзінің айтылатын орны, кезі болады. Оны тілді өте жақсы меңгерген адам ғана біледі. Тілді жақсы меңгеру адамның өзі сөйлеп отырған тілдің колданыс заңдылықтарын терең білуінен, әр сөздің мағынасын дұрыс ажыратып, орынды колдануынан, тілдік талғамы мен тілдік-әстетикалық қабілетінен, сөз астарындағы ойды аңғара білуінен көрінеді. Ал мұның бәрі оның ойлау қабілеті мен сөз жұмсау білігіне келіп саяды да, түлғаның интеллектісін танытады.

Этнопсихолингвистикалық зерттеулер көрсеткендей, қазақ және орыс халқының сөйлеу этикеті, сөйлеу әдебі ұлттық-мәдени ерекшелікпен тығыз байланысты. Орыс халқының сөйлеу әдебінің өзіндік ерекшелігі ретінде *ұжымдық, өз сезімін білдірудегі еркіндік, эмоционалдылық, конфликтіге деген бейімділік, тіл табыса білу, кез келген нәрсеге баға беру қасиеті,* сөйлеу этикетін ұстануға деген *қарсылық,* екеуара сұхбат жүргізуде *тік сөйлеуі* сияқты белгілерін көрсетуге болады.

Қазақ халқының сөйлесу стереотипі *өзін-өзі ұстай білуі, шыдамдылық, сабырлылық, конфликтке деген бейімділіктің жоқтығы, эмоционалды жақтан өзін-өзі бақылауда ұстай білуі, сөйлеу этикетін ұстануға тырысу, жеке өміріне қатысты тақырыптардың жабықтығы*, кейде *ашықтығы* да орын алып жатады, *белгілі бір ойды жұмсақ* түрде жеткізу сынды тілдік белгілермен ерекшеленеді.

Коммуникативтік лингвокультуремаларға күнделікті өмірде сөйлеу кезінде мінез-құлықтың ерекшелігін қамтитын сөздік клише-пікірлерді, сонымен бірге

коммуникативтік мінез-құлықтың бейсезімдік бірліктері, коммуникативтік қашықтық, қарым-қатынастың сезімдік және бейсезімдік компоненттерінің ұлттық-мәдени таңбаланған қатынасы сияқты компоненттерін, коммуникативтік тактика түрлерінің басым қолданылуын жатқызамыз. Коммуникативтік лингвокультуремалар бойынша З.А.Умирзакованың қазақ және орыс тілдерінің көркемсөз, публицистикалық және сот дискурстары материалдары негізінде коммуникативтік тактикаларды талдауға арналған бірқатар басылымдары [6], А.Т.Оналбаеваның бейвербалды тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік және ұлттық мәдени ерекшеліктері бойынша жүргізге ғылыми еңбектері [7], З.К.Ахметжановананың [8] бірқатар мақалалары бар.

Лингвокультуремалардың төртінші типі – ***ритуалды лингвокультуремалар***. Бұлай жіктеп бөліп көрсетуіміздің себебі салт-рәсімдік лингвокультуремалар осы күнге дейін тек тарихи-этнографиялық зерттеулер аясында ғана қарастырылатын. Енді осы ритуалды лнгвокультуремаларды лингвомәдени аспектіден зерттеулер жүргізуді жөн көріп, осылайша бөліп қарастырдық. Ритуалды коммуникативті ситуацияларда қазақ халқының өзара сөйлесуінің ерекшелігі жоғары деңгейде өтеді. Қарапайым коммуникативті ситуацияларда ұлттық-мәдени бейвербалды амалдар сөйлеу әрекетінің әлеуметтік ортасы мен коммуникативтік жағдаяттарға байланысты қолданылады.

Ритуалды лингвокультуремаларды мәдени аспектіде зерттеу ісі енді ғана қолға алынып жатқандықтан, оларды жүйелеу, интерпретациялау жұмыстары күтіп тұр. Ритуалды лингвокультуремалар заманның сұранысына орай көнеріп не жаңарып отырады. Сондықтан мұндай лингвокультуремалар өзгермелі сипатқа ие болып келеді. Олар үнемі қозғалыста болуымен қызықты, салт-дәстүрдің бір бөлігі ұлттық сана-сезімнің өсуі мен дамуын қамти отырып, бүгінде қайта жаңғырып, жаңа мәнге ие болуда. Мәселен, «Ас беру» салты. Ата-бабаларын, белгілі батырларды еске алуға орай еске алатын дәстүр қазіргі уақытта қайта жаңғырып жатыр. Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты көптеген салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, қолданысқа түсп жатыр. Заманауи өмірдің бастаулары жаңа ырым-жоралғылардың пайда болуына әсер етіп жатыр.

Демек, ритуалды лингвокульуремалар заман өзгерісіне қарай жаңғырып отырады, дегенмен өз негізін төл мәдениеттен алып отырады. Мәселен, «Тілашар», «Тұсаукесер», «Балаға ат қою» т.б. Тілашар – баланың мектепке баруын тойлаудың жаңа салты. «Тұсаукесер» – өз аяғымен жүре бастаған баланың тұсауын кесу салты, қазіргі кезде бұл рәсімнің орындалу аясы кеңейіп, қандай да бір жаңа дүкеннің, компанияның, фирманың немесе жаңа фильмдер, жаңа кітаптардың арнайы таныстырылымын атап өтіп, тұсаукесер рәсімі өткізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының мәдениеті және қазақ тілі материалдары негізінде ғаламның тілдік бейнесі толық, әрі жан-жақты зерттелген деп айта алмаймыз. Дегенмен қазақ халқының өзіндік ғаламның тілдік бейнесін түзуде мынадай жайттарды атап көрсетуге болады:

- *қазақ халқының материалдық мәдениетінің ұлттық-мәдени ерекшелігі мынадай факторларға негізделген:* шаруашылық жүргізудің негізгі түрі ретінде көшпелі мал шаруашылығын ұстануы; әлемді қабылдаудың базалық түрі ретінде космоцентризмді негізге алуы; қоршаған ортадағы кейбір заттық дүниелерді қасиет тұтуы, яғни мифологиялық дүниетанымы бойынша жан-жануарлар дүниесі, оның ішінде, төрт түлік малға тән қасиеттердің адам бойындағы қасиеттермен өзара салыстырылуы, ұқсатуы арқылы бірқатар зоонимдер мен орнитонимдердің символдық мағынасының қалыптасуына негіз болды;

- *қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекшелігін мынадай белгілерден көруге болады:* қазақ лингвомәдениетіндегі концептосфераның антропоөзектілігі; әлеуметтік орта, «ұрпақ» макроконцептісінің нақты орталықтандырылу; индивид өмірінің этикалық концептілер

негізінде реттелуі; тілдік коммуникацияда ашық болуы; ақыл-ой және эмоционалды-сезімдік күйдің үйлесімділігі, тілдік қатынастың маңыздылығы, коммуниканттар арасындағы қарым-қатынастың өте жақсы дәрежеде болуы.

- *қазақ халқының коммуникативті мәдениеті (сөйлеу этикеті)* алдын ала тұжырымдалып анықталған. Вокативтен, яғни сәлемдесуден бастап әрі қарай коммуникативті актіні тиісті сөйлеу тактикаларымен дамытады, мұнда сөйлеуші вербалды қатынаспен қатар, бейвербалды амалдарды (ым-ишарат, кинема, проксемат) қолданады. Тағы бір ерекшелік, қазақ халқы сөйлеу әдебінде міндетті түрде тыңдаушы жақтың әлеуметтік-демографиялық ерекшелігін ескеріп отырады.

Коммуникативті сөйлеу әдебі халықтың дүиетанымымен тығыз байланысты. Сөйлеу актісін жүзеге асыруда коммуникативтік жағдаяттардың, сөйлеу ситуацияларының дәстүрлі-стандартты фреймдерін бейнелейді, не стереотипті фреймдерін өзгертуге бағытталады.

Ритуалды коммуникативті ситуацияларда қазақ халқының өзара сөйлесуінің ерекшелігі жоғары деңгейде өтеді. Қарапайым коммуникативті ситуацияларда ұлттық-мәдени бейвербалды амалдар сөйлеу әрекетінің әлеуметтік ортасы мен коммуникативтік жағдаяттарға байланысты қолданылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии – Алматы: «Елтаным», 2012. – 172 с.

Ahmetjanova Z.K. Ocherkı po nacıonalnoı konceptologıı – Almaty: «Eltanym», 2012. – 172 s.

2 Сейдімбек А. А. Мир казахов: этнокультурологическое переосмысление. – Алматы: «Елтаным», 2001. – 560 с.

Seıdimbek A. A. Mır kazahov: etnokýltýrologıcheskıe pereosmyslenıe. – Almaty: «Eltanym», 2001. – 560 s.

3 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. I-том. – Алматы: «Өнер», 2012. – 738 б.

Qazaqtyń etnografıualyq kategorıalar, uǵymdar men ataýlarynyń dástúrli júiesi. I-tom. – Almaty: «Óner», 2012. – 738 b.

4 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: «Перемена», 2002. – 476 с.

Karasık V.I. Iazykovoı krýg: lıchnost, koncepty, dıskýrs. – Volgograd: «Peremena», 2002. – 476 s.

5 Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека. – Алматы, 2010. – 300 с.

Alımjanova G.M. Sopostavıtelnaıa lıngvokýltýrologıa: vzaımodeıstvıe ıazyka, kýltýry ı cheloveka. – Almaty, 2010. – 300 s.

6 Умирзакова З.А. Концептуальные основания приветственного комплекса традиционной культуры казахов // Ахметжанова З.К., Оңалбаева А.Т., Умирзакова З.А. Культура в зеркале языка. Монография. – Алматы: «Елтаным», 2014. – 480 с.

Ýmırzakova Z.A. Konceptýalnye osnovanıa prıvetstvennogo kompleksa tradıcıonnoı kýltýry kazahov // Ahmetjanova Z.K., Ońalbaeva A.T., Ýmırzakova Z.A. Kýltýra v zerkale ıazyka. Monografıa. – Almaty: «Eltanym», 2014. – 480 s.

7 Оналбаева А.Т. Невербальное общение: социальный и национально-культурный контекст. Монография. – Алматы, 2010. – 250 с.

Onalbaeva A.T. Neverbalnoe obshenıe: socıalnyı ı nacıonalno-kýltýrnyı kontekst. Monografıa. – Almaty, 2010. – 250 s.

8 Ахметжанова З.К. Лингвокультурология: теория и практика. – Алматы: «Елтаным», 2017. – 144 с.

Ahmetjanova Z.K. Lıngvokýltýrologıa: teorıa ı praktıka. – Almaty: «Eltanym», 2017. – 144 s.

Материал 09.11.2020 баспаға түсті

REFERENCES

1 Akhmetzhanova Z.K. Acqualia Opera nationalibus conceptology. –Almaty: “Eltanym”. – 2012. – 172 p.
2 Seydimbek A.A. The world of Kazakhs: ethnocultural rethinking. – Almaty: “Eltanym”, 2001. – 560 p.
3 The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Volume I. – Almaty: “Art”. – 2012. –738 p.
4 Karasik V.I. Language circle: personality, concepts, discourse. –Volgograd: “Change”. – 2002. – 476 p.
5 Alimzhanova G.M. Comparative cultural linguistics: the interaction of language, culture and humans. –Almaty. – 2010. – 300 p.
6 Umirzakova Z.A. Conceptual foundations of the welcome complex of the traditional culture of Kazakhs // Akhmetzhanova Z.K., Ogalbaeva A.T., Umirzakova Z.A. Culture in the mirror of language. Monograph. – Almaty: “Eltanym”. – 2014. – 480 p.
7 Onalbaeva A.T. Non-verbal communication: social and national-cultural context. Monograph. – Almaty. – 2010. – 250 p.
8 Akhmetzhanova Z.K. Cultural linguistics: theory and practice. –Almaty: “Eltanym”. – 2017. −144 p.

Лингвокультурема и ее классификация

Х.А. Ордабекова
Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы о лингвокультурологических единицах и их типологической классификации. В отношении каждого типа лингвокультурных единиц приводятся необходимые языковые факты (паремии, мифологемы, стереотипы, прецендентные имена) и определения в сравнении с понятиями на другом языке. Рассматриваются конкретные языковые факты, так как на основе коммуникативных лингвокультурем можно определить национальный речевой этикет и стереотипы в языке любого народа. Проводится определенная работа по интерпретации ритуальных лингвокультурем из лингвокультурологического аспекта. В соответствии с изменениями общественного сознания рассматриваются лингвокультурные единицы, имеющие меняющийся характер и обретающие новое значение.

Материал поступил в редакцию журнала 09.11.2020

Lingvoculturema and its classification

Kh.A.Ordabekova
